

**ТОЛЫҚҚАНДЫ ЕМЕС ОТБАСЫНДАҒЫ БАЛАНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ
ДАМУЫ ЕРЕКШЕЛІГІ****Ерсін Айдана**Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан қ.
Ғылыми жетекші- Кунанбаева.А.Ж

Бұл мақалада толыққынды емес отбасында баланы тәрбиелеудің ерекшеліктері мен баланың психологиялық дамуы қарастырылады. Еліміздің көркейіп өркеніетті елдер қатарына қосылып, халықаралық деңгейге шығуы бүгінгі ұрпақ бейнесімен көрінеді. Баланы жаны мен тәні таза, рухани бай, дені сау етіп өсірумен бірге еңбекке деген сүйіспеншілікке, ұлтжандылыққа, адалдыққа баулып өсіру шарт. Сондықтан <Бала тәрбиесі баршаға ортақ> екенін ескеріп, жас ұрпақты саналы азамат етіп тәрбиелеу ең негізгі міндет.

Отбасы әрқашан маңызды әлеуметтік институт болды, оның мақсаты өмір жолында кездесетін қиындықтар мен кедергілерді жеңуге көмектесетін жеке қасиеттер мен қасиеттерін қалыптастыру. Ол физикалық және психикалық сау, интеллектуалды дамыған, адамгершілігі жоғары, алдағы еңбек, әлеуметтік және отбасылық өмірге дайын адамды қалыптастыруға міндетті. Баланың алғашқы өмірлік тәжірибесі оның отбасылық және туыстық қатынастар жүйесіне бейімделуі болып табылады, бұл әрдайым оңай емес және қоғаммен қарым-қатынасқа әсер етуі мүмкін. Балалар басқа адамдардың, бұл жағдайда отбасы мүшелерінің табиғаты мен темпераментіне әлеуметтік-педагогикалық бейімделу дағдылары мен қабілеттерін игереді, ал егер отбасында жағымсыз жақтар болса, онда олар баланың дүниетанымы мен әл-ауқатына әсер етуі мүмкін.

Толық емес отбасы отбасының жалпы классификациясында отбасының ерекше түрі ретінде көрсетілген, онда отбасы тобының құрылымы негіз реінде таңдалады.

Толық емес отбасы деп аталады:

1. Ажырасқан (мұндай отбасының пайда болу себебі – некені бұзу);
2. Некеден тыс (Отбасы баланың тіркелмеген некеде тууы салдарынан пайда болған);
3. Жетім (ата-анасының бірінің қайтыс болуы нәтижесінде пайда болған);
4. Ажырасқан (отбасы ата-анасының біреуінің ата-ана құқығынан айырылуы, ажырасусыз және ата-анасының бөлек тұруынсыз отбасының ыдырауы нәтижесінде пайда болады)

Көп жағдайда толық емес отбасы ана мен баладан немесе бірнеше баладан тұрады, яғни ана, бұл баланың жеке басының қалыптасу мен дамуына әсер етеді. В. В. Чечет отбасында ер адамның болмауы балалардың дамуындағы ауытқулардың маңызды шарты екенін айтады. Ата-ана тәрбиесіндегі міндеттер әкелер үшін де, аналар үшін де ортақ, олардың қасиетті міндеті-балаларға тек материалдық байлықты ғана емес, сонымен қатар оларда ізгілікті, адамгершілікті тәрбиелеу.

Чех психологы З. Матейчек толық емес отбасындағы тәрбие бірдей қарапайым, қалыпты тәрбие деп санайды, тек ол қиын жағдайда жүзеге асырылады. Баламен жалғыз қалған адамның жеке басы маңызды. Тәрбиешінің өзі баланың қалыптасуында толық емес отбасы фактісіне қарағанда әлдеқайда үлкен рөл атқарады.[2].

<Толық емес> немесе <ажырасқан отбасы> бұл сөзді естіген құлаққа үйреншікті дүние деп қабылданатын болды. Алайда, осындай отбасында тәрбие көрген баланың психологиялық денсаулығы, өмірді қабылдауы ерекшеленетіні сөзсіз. Бала үшін отбасы-ол жылулық пен мейрімділіктің, махаббаттың көрінісі, баланы ол жерде әрдайым күтеді, кез-келген жағдайда балаға қамқорлық көрсетеді. Бұл – идеалды көріністегі отбасы. Толық отбасынан толық емес отбасына айналу-ата-анаға да, балаға да ауыр соққы. Толық емес отбасындағы бала үшін ең бірінші соққы, ол ата-ананың жиі ұрыс-керісі, әкенің не ананың ішімдік ішуі, әкенің анасына қол көтеруі. Бұл жағдайда отбасы өзінің қамқоршы функциясын

жоғалта бастайды. Ашу үстіндегі ата-ана өз өшін балаға ұрсу, балағаттау арқылы шығарады. Келесі соққы ол-ажырасу [3].

Бала үшін ана- жарық күн болса, әке- асқар тау. Жанына жақын екі адамның бір-біріне деген ренішін көрген бала, екі оттың ортасында қалғандай болып өз-өзін кінәлі сезінеді. Қолынан ештеңе келмейтіндей сезініп, өз ойын ашық жеткізуге жүрексініп, жассың болып өседі. Толық емес отбасындағы балалар толық отбасындағы балаға қарағанда, өзін кем санай бастайды. Сондықтан баланы ақыл оймен, төзімділікпен, психологиялық тәрбиемен бағыттау қажет. Баланың жанын жаралайтын ажырасудың нәтижесіндегі психологиялық жаман әсерлер үнемі жалғаса берсе, оның ішкі қарсылығын оятып, бірте-бірте тұрақтанған қарама-қайшылықты мінез-құлқын қалыптастырады. Бұдан кейін психологиялық күйлерді қабылдамайтын хәлге түседі [4]. Жалпы ішкі қарама-қайшылықтары мол адамдар ашуланса да, өкпелесе де, өзін-өзі тоқтата алмай ұзақ әуреленеді. Кейбір жағдайларда бала ата-анасының ажырасуында өзін кінәлі деп санап, әкесін немесе анасын ұстап қала алмағандығына қатты қайғырады. Бір балада мұң басым болса, басқасында ол ашу-ызамен көмкеріледі, үшіншілері өздерін кінәлі сезініп, өз-өздерін ұяттымын деп ойласа, төртіншілері әкесімен қоса анасын да жоғалтып аламын ба деген қорқынышпен әкесінің кеткеніне не ашуланарын, не мұңаярын білмей қиналады. Эмоциялар әр индивидтте әртүрлі көрінуі мүмкін-мұң, қайғы, ауырсыну. Сезімдері, ашу-ыза, кінә сезімі және қорқыныш-бұлардың барлығы баланың ата-анасының ажырасуына көрсететін қалыпты реакциялары. Бұлар тек жай ғана реакциялар емес, егер бала психикалық жағынан сау болса, онда осы эмоциялардың біреуін ғана жауап қайтару керек, яғни реакциясы бір түрде ғана болуы қажет. Ажырасудан кейінгі күйзелісті барынша жеңілдету үшін баланың үйден бөлек кеткен әкесімен не анасымен ашық сөйлесіп, бос уақыттарын бірге өткізу, материалдық және рухани жағынан қамтамасыз етіп, баланың өзіне керек екеніне, қандай жағдай болмасын әкесі немесе анасы баласын жақсы көретінін тазалықты талап ететді [5]. Толық отбасы-бұл ата-ана мен баладан немесе бірнеше баладан тұратын қоғамның жасушасы. Толық емес отбасы: некесіз және некеде жоқ балаларды дүниеге әкелген әйел; жаңа некеге тұрмаған жесірлер. Сондай-ақ, бұл некені бұзуға байланысты бөлек тұратын әке мен анадан тұратын отбасы; бала асырап алған жалғызбасты адамдар.[2]. Тәрбиелікке жету оңай емес. Балаға ең бірінші әділетті қоғам мен өмір сүрген ортасының имандылық тәлімі қажет. Тәрбиелі адам – шынайы парасат пен мінезге бай болатыны белгілі. Екінші бір бала тәрбиесіндегі тәрбиелікке үйретудің пәрменді тәсілі – адамдардың балаға тәлім етер жеке бастарының үлгісі, олардың өзара сүйіспеншіліктері, айналасындағы жандармен сыйластықтары, тіпті олардың табиғатқа деген көзқарастары.[3]. Отбасындағы ана мен әкенің рөлі үлкен, бірақ тең емес.

Отбасында анағұрлым маңызды және терең рөл анаға тиесілі. Бұл тек өзіне тән функцияларға байланысты: отбасын құру және қорғау, ер адамның әкесі мен балаларында туыстық махаббат пен қан байланысын ояту, ананың әлі туылмаған баламен физиологиялық "байланыстарына" негізделген отбасының ажырамас байланысын жүзеге асыру. Әйел, ер адамнан айырмашылығы, бұл байланыстарды өткір сезінеді, себебі ол баламен бір өмір сүреді, оның денесі анаға байланысты дамиды. Баланы жалғыз ата-ана тәрбиелеген кездегі факт әрқашан оның дамуындағы ауытқулардың пайда болуына ықпал етпейді, бақытқа кедергі жасамайды, оған терең ерекшеліктер қоймайды. Мұндай жағдайда білім алу қиынырақ және белгілі бір қауіптер болуы мүмкін, оларға көп көңіл бөлу керек. Әрине, балалар әкесіз немесе анасыз өскен кезде идеалды деп санауға болмайды, бірақ егер бұл орын алса, онда ата-аналар білім беру қиындықтарын ең аз мөлшерге дейін азайта алады. Сондықтан қазіргі қиын жағдайда мұндай отбасыларға жүйелі білікті көмек қажет.[3]. Баланы жалғыз ата-ана тәрбиелеген кездегі факт әрқашан оның дамуындағы ауытқулардың пайда болуына ықпал етпейді, бақытқа кедергі жасамайды, оған терең ерекшеліктер қоймайды. Мұндай жағдайда білім алу қиынырақ және белгілі бір қауіптер болуы мүмкін, оларға көп көңіл бөлуі керек. Әрине, балалар әкесіз немесе анасыз өскен кезде идеалды деп санауға болмайды, бірақ егер бұл орын алса, онда ата-аналар білім беру қиындықтарын ең аз

мөлшеге дейін азайта алады. Сондықтан қазіргі қиын жағдайда мұндай отбасыларға жүйелі білікті көмек қажет [8].

Ажырасудың бала психологиясына әсері ауыр болатыны сөзсіз. Ол болашақ тұлғаның қалыптасуына кедергі келтіріп, әрі болашақта сол баланың отбасын құруға деген қорқынышына әкеп соғуы мүмкін. Егер баланың санасын таза кітапқа теңесек, оның авторы – ата-ана, редакторы – мұғалімдер мен психологтар, көркемдеуші редакторы – айналасындағы достары мен қатарластары. Сондықтан толық емес отбасындағы балалардың санының азаюы мен сапасының жақсыруы үшін, тек психологтар емес қоғам болып бірге ат салысуымыз, біздің қазақ бабаларымыздың асыл мұрасын жалғастырушы ұрпақ ретіндегі парызымыз. Отбасылық өмірге аяқ басқан ерлі-зайыптылар, бір- бірі үшін және болашақ ұрпақ үшін жауапкершілігі барын сезініп, балаларына үлгі-өнеге көрсете отырып, отбасын өмірінің барбайлығы, құндылығы ретінде қабылдаса, болашақ ұрпақ та, қоғам да жақсарды деп сенемін. Әлемді жақсы жағына өзгерткің келе ме, онда өзіннен баста!

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Калыш А.Б., Дети и подростки в разведенных семьях // Вестник КазГУ. Серия историческая. - 2002. - № 2 (25). - 65-67б.
2. Ғаббасов С., Халық педагогикасының негіздері. - Алматы: Өл-Фараби, 1995. - 450 б.
3. Аронс К., Развод: крах или новая жизнь? - М., Мирт, 1995. - 190-195б.
4. Вильнюс., Человек после развода. - 1984. - 254-267, 322-352б.
5. Райгородский Д.Я., Подросток и семья. Хрестоматия. - СПб:1995.-58-65б.
6. Зотова О.И., Кряжева И.К., Некоторые аспекты социально-психологической адаптации личности // Психологические механизмы регуляции социального поведения. - М., Наука, 1979. - 224-245б.
7. Сермягина О.С., Эмоциональные отношения в семье., Отв. редактор Л.Я.Гозман. Кишинев, Штиница. - 1991. - 25-32б.
8. Мацковский М.С., Социология семьи: проблемы методологии и методики. - М., 1999. - 350-355б.

ОӘК 159.923

ЖАСӨСПІРІМДІК КЕЗЕҢДЕ ТҰЛҒАНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Жалмұратова Ақтоты

aktoty.zhalmuratova@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-інің әлеуметтік ғылымдар факультеті
психология мамандығының 3 курс студенті, Нур-Султан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі - А.М. Айтышева

Адамның тұлғалық қасиеттері мен қабілеттерінің жиынтығының толық пісіп, жетілетін кезеңі – жасөспірімдік шақ. Бұл – шамамен 11-17 жас аралығын қамтитын кезең.

Дәл осы кезеңде жасөспірімнің маңызды шешімдер қабылдауы, келешекке пайда әкелер немесе негативті әсер берер факторлар мен субъектілердің ара-жігін ажырата білуі, тұлға ретінде өзін бағалай білу қабілеттері лайықты түрде қалыптасуы қажет. Алайда, осы кезең өзінің қауіптерімен, «қызыл аймақтарымен» қиын болып келеді. Әсіресе, адамның жасөспірімдік кезеңі тұрақты психологиялық әсер беретін белгілі бір тәуелділіктер мен әдеттер жиынтығынан тұрады.

Жасөспірімдік кезең жай ғана кезең емес, бұл психологтар тарапынан зерттелуі керек маңызды кезең және осы кезеңдерде жасөспірімдер көбінесе түрлі позитивті немесе негативті қасиеттер әдеттер пайда болады. Өйткені осы кезеңде жасөспірімдердің моральдық қасиеттері қалыптасады.

21 ғасырдың үлкен жаңалығына айналған, кез келген салада үлкен әсерге ие факторлардың бірі